

Күнделікті қызмет пен әскерлер қызметінің негіздері

**3-тақырып. Жалпы ережелер. Саптық
тәсілдер және қарусыз қозғалыс.**

3-сабақ. Әскери сәлемдесуді орындау.

1-ші оқу сұрағы. Әскери сәлемдесуді қарусыз орнында тұрып және қозғалыста орындау.

Әскери сәлемдесу нық және көрнекті орындалады.

Әскери сәлемдесуді саптан тыс орнында бас киімсіз орындау үшін бастыққа (атағы үлкенге) үш-төрт адым қалғанда ол жаққа бұрылып, саптық қалыпты қабылдау керек және оның соңынан басын бұра отырып, оған қарау керек.


Егер **бас киім киілген** болса, онда, одан басқа саусақтар бірге, алақан тік, ортаңғы саусақ бас киімнің шетіне (күнқағарға) тиіп тұратындай, ал шынтақ иық деңгейінде және биіктігінде болатындай етіп оң қолды қысқа жолмен бас киімде ұстау керек. Бастық (атағы үлкен) жаққа басты бұрған кезде қолдың бас киімдегі жағдайы өзгеріссіз қалады. Бастық (атағы үлкен) әскери сәлемдесуді орындаушының жанынан өтіп бара жатқанда басты тік ұстау керек және онымен бір уақытта оң қолды төмен түсіру керек.

Әскери сәлемдесуді саптан тыс қозғалыста бас киімсіз орындау үшін бастыққа (атағы үлкенге) үш-төрт адым қалғанда аяқты жерге қоюмен бір уақытта қолмен қозғалыс жасауды тоқтатып, басты ол жаққа бұру керек және қозғалысты жалғастыра отырып, оған қарау керек. Бастықтан (атағы үлкеннен) өтіп кеткеннен кейін басты тік ұстау және қолмен қозғалыс жасауды жалғастыру керек.


Бас киіммен болған кезде аяқты жерге қоюмен бір уақытта басты бұру керек және оң қолды бас киімге апарып, сол қолды қозғалтпай жанында ұстау керек бастықтан (атағы үлкеннен) өтіп кеткеннен кейін сол аяқты жерге қоюмен бір уақытта басты тік ұстап, оң қолды төмен түсіру керек.

Бастықты (атағы үлкенді) басып озған кезде әскери сәлемдесу басып озудың бірінші адымымен орындалады. Екінші адыммен басты тік ұстау және оң қолды төмен түсіру керек.

Егер әскери қызметшінің **қолы бос болмаса**, әскери сәлемдесуді бастық (атағы үлкен) жаққа қарай басты бұрумен орындайды.



11-сурет.
Әскери сәлемдесуді
орнында орындау



12-сурет.
Әскери сәлемдесуді
қозғалыста орындау

2-ші оқу сұрағы.

Саптан шығу және сапқа қайта тұру

Әскери қызметші саптан шығу үшін команда беріледі.

Мысалы: «Қатардағы жауынгер Әлімов. Осы кезде әскери қызметші «Мен» деп жауап береді.

САПТАН ШЫҚ (осынша **АДЫМҒА САПТАН ШЫҚ**) деген бұйрық беріледі. Әскери қызметші команда бойынша құп болады деп жауап береді. Әскери қызметші команда бойынша саптық адыммен бірінші қатардан бастап үш адымға (көрсетілген адым санына) саптан шығады, тоқтайды және сапқа қарап бұрылады.

Әскери қызметшіні сапқа қайтару үшін команда беріледі.

Мысалы: «Қатардағы жауынгер Әлімов, **САПҚА ТҰР**» немесе тек **САПҚА ТҰР**. Сапқа қарап тұрған әскери қызметші «Қатардағы жауынгер Әлімов» командасы бойынша өзінің тегін естігеннен кейін артқа бұрылады және «Мен» деп жауап береді, ал команда бойынша, қолын бас киіміне апарып құп болады деп жауап береді, қозғалыс жағына бұрылып, бірінші адым жасаумен қолын төмен түсіреді, саптық адыммен қозғала отырып, қысқа жолмен саптағы өз орнына тұрады.

3-ші оқу сұрағы

Бастыққа келу және одан кету

Бастық әскери қызметшіні өзіне шақыру команда береді. Мысалы: «Қатардағы жауынгер Әлімов. **САПТАН ШЫҚ** (осынша АДЫМҒА **САПТАН ШЫҚ**)» немесе «Қатардағы жауынгер Әлімов. **МАҒАН КЕЛ (ЖҮГІРЕ МАҒАН КЕЛ)**». Әскери қызметші өзінің тегін естігеннен кейін «Мен» деп, ал саптан шығу туралы (шақыру туралы) команда бойынша «Құп болады» деп жауап береді. Әскери қызметші бірінші команда бойынша саптық адыммен бірінші қатардан бастап үш адымға (көрсетілген адым санына) саптан шығады, тоқтайды және сапқа қарап бұрылады. Екінші команда бойынша әскери қызметші бірінші қатардан тура бір-екі адым жасап, жүріп келе жатып бастық жаққа қарай бұрылады, қысқа жолмен саптық адыммен оған келеді (жүгіріп келеді) және екі-үш адым қалғанда тоқтап, аяқты қоюмен бір уақытта оң қолын бас киімге апарады, одан кейін келгені туралы баяндайды. Баяндау аяқталғаннан кейін қолын төмен түсіреді

Әскери қызметшіні сапқа қайтару үшін команда беріледі, мысалы: «Қатардағы жауынгер Әлімов. **САПҚА ТҰР**» немесе тек «**САПҚА ТҰР**». Сапқа қарап тұрған әскери қызметші «Қатардағы жауынгер Әлімов» командасы бойынша өзінің тегін естігеннен кейін бастық жаққа бұрылады және «Мен» деп жауап береді, ал «**САПҚА ТҰР**» командасы бойынша, егер ол қарусыз немесе «арқаға» күйіндегі қарумен болса, қолын бас киіміне апарып «Құп болады» деп жауап береді, қозғалыс жағына бұрылып, бірінші адым жасаумен қолын төмен түсіреді, саптық адыммен қозғала отырып, қысқа жолмен саптағы өз орнына тұрады. Егер тек қана «**САПҚА ТҰР**» командасы берілсе, әскери қызметші алдын ала бастыққа бұрылмастан, сапқа қайтып оралады.

Назарларыңызға рахмет!



- Орындаған: Мұқамбетжан Ержан
- Қабылдаған: Ердигаликов Б.
- Оқу взводы: 213-оқу взводы